

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы N 1749 және 2004 жылғы 20 шілдедегі N 775 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қазандағы N 1059 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.15. N 231 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы аумағында уақыт есептеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы N 1749 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 49-50, 575-құжат) :

1-тармақта "(Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарынан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы N 1749 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 шілдедегі N 775 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 27, 360-құжат):

2-тармақта "Қостанай және Қызылорда облыстары үшін - 2004 жылғы "қысқы" уақытқа көшу кезінде, ал Ақтөбе облысы үшін - 2005 жылғы "жазғы" уақытқа көшу кезінде" деген сөздер "Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау облыстары үшін 2004 жылғы "қысқы" уақытқа көшу кезінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі